

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

Ө.ЖӘНІБЕКОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ



Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан
педагогикалық университетінің
Басқарма төрағасы – Ректордың у.м.а.
_____ Г.Д. Сугирбаева

«География пәні мұғалімінің пәндік-кәсіби құзыреттілігін дамыту»
біліктілік арттыру курсының
БАҒДАРЛАМАСЫ

Оқу мерзімі: 2 апта
Жалпы сағат саны: 80

Шымкент – 2024

Бағдарлама «Жаратылыстану» факультетінің кеңесінде қаралып, Ғылыми кеңеске талқылауға ұсынылды.

Хаттама № ____ « ____ » _____ 20__ ж.

Білім беру бағдарламасы университеттің Ғылыми кеңесінде қарастырылып, Басқармаға бекітілуге ұсынылды.

Хаттама № ____ « ____ » _____ 20__ ж.

Білім беру бағдарламасы Басқармада бекітіліп қолданысқа енгізілді.

Хаттама № ____ « ____ » _____ 20__ ж.

Келісілген:

Басқарма мүшесі – Академиялық мәселелер
жөніндегі проректордың у.м.а.,
Академиялық істер департаментінің директоры _____ Бердалиев Д.Т.

Жаратылыстану факультетінің деканы _____ Айтбаева А.Е.

Үздіксіз білім беру орталығының басшысы _____ Дайырбеков С.С.

Жалпы орта білім беретін мекемелердің география пәні мұғалімдеріне «География пәні мұғалімінің пәндік-кәсіби құзыреттілігін дамыту» педагогтердің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы

Бағдарламаны құрастыру бойынша жұмысшы тобы

р/с	Аты жөні	қызметі	Байланыс телефоны
1	Таскараева Қалбиби Ахметовна	аға оқытушы	8-701-156-03-32

Қысқартулар:

ОӘК – оқу-әдістемелік кешен

ТӨЖ – тыңдаушының өзіндік жұмысы

ЕББҚ – ерекше білі беру қажеттілігі

АКТ - ақпараттық-коммуникациялық технологиялар

1. Жалпы ережелер

1. Жалпы орта білім беретін мекемелердің география пәні мұғалімдеріне арналған «География пәні мұғалімдерінің пәндік-кәсіби құзыреттілігін дамыту» тақырыбындағы педагогтердің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі -бағдарлама) қазақ және орыс тілінде оқытатын жалпы білім беретін мектептердің география пәні мұғалімдерін оқытуды реттейді.

2. Бағдарлама Қазақстан Республикасы (бұдан әрі - ҚР) орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының күтілетін нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету бойынша география пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған.

2. Глоссарий

Белсенді оқу – нақты және ойдан шығарылған жағдайларды қолдана отырып, оқушылардың ойлау проблемаларын шешуге көмектесетін оқу түрі. Оқу жоспарының барлық бағыттарын, оның барлық кезеңдерін белсенді оқу тәсілі шеңберінде байытуға және дамытуға болады.

Білім алушының дайындық деңгейі – тұлғалық, жүйелік-әрекеттік және пәндік нәтижелерінен көрінетін білім алушылардың орта білім мазмұнын меңгеру деңгейі.

Білім алушының оқу жетістігі деңгейі – бағалау критерийлеріне сәйкес білім алушылардың оқу жетістігін дамыту деңгейі.

Білім беру мазмұнын меңгерудің базалық деңгейі – білім алушылардың білім, іскерлік және дағдының міндетті көлемін меңгеру деңгейі.

Білім беру процесі – бұл білім, білік және дағдыларды мемлекеттік білім беру стандарттарынан төмен емес деңгейде игеруді қамтамасыз ететін тұлғаның өз бетінше білім алуымен бірлікте ұйымдастырылған оқу-тәрбие және оқу-танымдық процестер арқылы оқыту, тәрбиелеу және тұлғаны дамытуға бағытталған мақсатты іс-әрекет.

Дескриптор- берілген тапсырмаларды орындау барысында нақты кадамдарды сипаттайтын көрсеткіш.

Жиынтық бағалау үдерісі- белгілі бір оқу бағдарламасының бөлімін немесе оқу кезеңін (тоқсан) оқып, аяқтағаннан соң жүргізілетін бағалаудың түрі.

Жоспарлау – мақсаттар мен міндеттерді белгілеу, сондай-ақ қойылған мақсаттарға қол жеткізуге арналған әдістер мен стратегияларды іріктеумен байланысты қызмет түрі.

Кері байланыс – белгілі бір оқиға немесе әрекетке жауап беру, үн қату, пікір білдіру.

Қалыптастырушы бағалау- күнделікті сабақ барысында әске асырылатын, жіберілген қателіктерге қатемен жұмыс жасауға мүмкіндік беріп, оқушы мен оқытушы арасындағы байланысты нығайтатын оқу процесі кезіндегі ең қажетті бағалау түрі.

Критериалды бағалау- алдын ала әзірленген критерийлер бойынша білім алушылардың қол жеткізген оқу нәтижесін бағалау үдерісі.

Модерация- оқушының жұмысына сай қойылған балдарды стандарттап, нәтижесінде бағалаудың дәлдігін айқындау үшін тоқсандық жиынтық бағалау бойынша оқушылардың орындаған жұмыстарын талқылайтын процесс.

Ойлау дағдыларының деңгейлері – әрбір деңгейі ойлау дағдыларын анықтауды қалыптастыруға бағытталған оқу мақсаттарының иерархиялық өзара байланыстағы жүйесі.

Оқу бағдарламасы – пәннің мазмұндық ерекшеліктерін анықтайтын, ғылыми маңызын ашатын басты құжат.

Оқу мақсаттар жүйесі- білім алу бағдарламасы бойынша оқу курсы барысында білу, түсіну және дағдылардың даму жетістіктеріне байланысты күтілетін нәтижелерді біріктіретін ұғым.

Оқыту әдістері – бұл мұғалім мен білім алушылардың білім беру мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған бірлескен іс-әрекет әдістері.

Оқытудың күтілетін нәтижелері – білім алушының оқу процесі аяқталғанда нені біліп, түсініп, нені көрсете алатынын сипаттайтын құзыреттіліктер жиынтығы, оның ішінде білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктері ескеріледі.

Ортақ тақырып- оқу мақсаттарын шыңдау үшін бір-бірімен өзара байланысты піндер бойынша білімі мен білігін шыңдайтын құрал ретінде қолданылатын мазмұны бірегей ортақ бөлік.

Пәннің қысқа мерзімді жоспары – оқыту мақсаттары (мұғалімнің іс-әрекеттеріне арналған бағдар) және оқу мақсаттары (оқушылардың іс-әрекеттеріне арналған бағдар), оқу процесінің ресурстары мен сатылары қамтылған сабақ жоспары.

Рефлексия- жасалған жұмыстың нәтижелерін талдап, қайта қарастырып, өзін-өзі танып білуге бағытталған ойлау процесі.

Рубрика- оқушылардың оқу нәтижелер деңгейін бағалау критерийлері бойынша сипаттау әдісі.

Тоқсандық жиынтық бағалау спецификациясы- тоқсандық жиынтық бағалаудың құрылымы мен тапсырмаларын құрастыруға қойылатын шарттар.

Түрлі деңгейлік тапсырмалар-оқушының қабілеті мен жетістігін негізге алып, күрделілігі әртүрлі деңгейдегі саралап оқытуды ұйымдастыруда қолданылатын тапсырмалар.

Үлгілік оқу бағдарламасы – нақты оқу пәні бойынша меңгерілуге тиіс білім, дағды, іскерлік және құзыреттілік мазмұны мен көлемін айқындайтын бағдарлама.

Үлгілік оқу жоспары- оқытылатын пәндердің реттілігін көрсететін, қажетті оқыту деңгейі жүктемесінің барлық компонент көлемін нақтылайтын құжат.

Функционалдық сауаттылық - адам өмір бойы алған білімін өз қызметінде, қоғамдағы рөлінде, әлеуметтік қарым-қатынастарда және әртүрлі салаларда қажеттілігіне қолдана білу қабілеті.

3. Бағдарлама тақырыптары

<p>Модуль 1</p> <p>Білім беру сапасын арттыруда пәндік құзыреттілікті жетілдірудің нормативтік-құқықтық негіздері</p>	<p>1.1 Орта білім беру ұйымдары педагогтерінің қызметін реттейтін нормативтік құжаттар</p> <p>1.2 Жалпы орта білім беру жүйесінің қағидаттары мен басымдылықтары</p>
<p>Модуль 2</p> <p>Тәрбие және психологиялық-педагогикалық жұмыстың аспектілері</p>	<p>2.1 Ұлттық тәрбие мен білім берудегі «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» тұжырымдамалық негізі</p> <p>2.2 Оқу –тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда ұлттық құндылықтар мен тәрбиенің бірізділігі. Білімалушылардың бойында қалыптасатын дағдылар мен құндылықтардың маңыздылығы және оның тәрбиелік ықпалы</p>

	2.3 Табысты оқыту аясында сыныптағы ерекше білім беру қажеттілігі бар баланы психологиялық-педагогикалық қолдауды жүзеге асыру
Модуль 3 Білім алушылардың функционалды сауаттылығын және білім беру сапасын арттыру үшін оқыту мазмұны мен әдістерін жетілдіру	3.1 Географияны оқытуда пәнаралық байланысты жүргізудің әдістемесі
	3.2 Географиялық тапсырмаларды орындату арқылы оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыру жолдары
	3.3 Академиялық тіл және географияны оқытуда тілдік дағдыларды меңгерудің рөлі
	3.4 Білім сапасын арттырудағы диалогтік оқытудың рөлі және білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін арттыру әдістері
	3.5 Географиялық логикалық есептерді шығару әдістемесі
	3.6 Географияны оқытуда саралаудың әдіснамалық негіздері
Модуль 4 Білім алушылардың функционалды сауаттылығын және білім беру сапасын арттыру үшін цифрлық технологияларды пайдалану	4.1 География сабақтарында картографиялық деректерді және ГАЖ технологиясының мүмкіндіктерін қолдану тиімділігі
	4.2 География пәнінде білім алушылардың білімін бағалауда интернет платформаларын пайдаланудың тиімділігі
	4.3 Білім алушылардың зияткерлік қабілеті мен әлеуетін арттыруда сандық білім беру ресурстарының артықшылықтары мен мүмкіндіктері
	4.4 География пәнінен бейнесабақ әзірлеудің әдістемесі
Модуль 5 Педагогтің кәсіби қызметінің нәтижелерін ұсыну, зерттеу дағдыларын қалыптастыру және дамыту	5.1 Курс тыңдаушыларының кәсіби сапасы мен жеке қажеттіліктерін негізге алып, бағдарлама мазмұнына талдау жасау және талқылау
	5.2 Шағын сабақтың таныстырылымын қорғауға және шығыс тест тапсырмаларына дайындық

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелер

Бағдарламаның мақсаты: білім беру сапасын арттыруда теориялық білім мен практиканы жан-жақты ұштастырып, оқытудың тиімді формалары мен әдістерін қолдану арқылы география пәні мұғалімдерінің кәсіби құзіреттілігін жетілдіру

Бағдарламаның міндеттері:

- 1) педагогтердің қызметін реттейтін нормативті-әдістемелік құжаттар мазмұнын жетік меңгерту;
- 2) тиімді оқыту барысында оқу –тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру үшін ұлттық құндылықтар мен тәрбиенің бірізділігін айқындау;
- 3) сапалы білім беруде цифрлық технологияны қолданып, бейнесабак әзірлеудің әдіс-тәсілдерімен таныстыру;
- 4) Зерттеу жұмыстарын жоғары деңгейде орындау дағдыларын қалыптастыру;
- 5) Білім алушылардың функционалдық сауаттылығының қалыптасқандық деңгейін анықтауға арналған тапсырмалар құрастыру дағдысын дамыту;
- 6) Курстан кейінгі кезеңде үздіксіз кәсіби өзіндік дамуға түрткі болу.

Курс соңында тыңдаушылар:

1) түсіндіреді:

- педагогтің қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттардың маңызын;
- география пәнінің оқу бағдарламасы мен оқу жоспарларының айқын мазмұндық ерекшеліктерін;
- функционалдық сауаттылықты дамытуға арналған ашық және жабық, логикалық тапсырмаларды құрастыру жолдарын;
- сабақты қысқамерзімді жоспарлауда ұлттық құндылықтар мен тәрбиенің ажырамас жүйелігін.
- Білім алушылардың қол жеткізген нәтижелерін бағалауда интернет платформаларының тиімділігін.

2) қолдана алады:

- география сабақтарында жаратылыстану бағытындағы ғылыми пәндердің өзара байланыстын жүзеге асыруды;
- оқу нәтижесіне бағытталған тиімді әдіс-тәсілдерді;
- білім сапасын арттыруда оқушылардың білімге деген қажеттіліктерін ескере отырып, сараланған тапсырмаларды;
- диалогтық оқыту мен топтық жұмыстар, сабақты зерттеуге бағытталған әдістерді;
- Оқушылардың зерттеу және жоба жұмысын орындау дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалар мен жаттығуларды дайындайды;
- бейнесабактар мен онлайн курстарды құрастыру және әзірлеу жолдарын;

3) бағалайды:

- география пәнінде білім алушылардың білімін бағалауда қосымша платформаларды пайдалануды жүзеге асыруды;
- білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттырудағы белсенді оқыту мен мұғалімнің рөлін;
- оқу-тәрбие жұмыстарының кешенді жоспарын жүзеге асыруда білім алушылардың айрықша қабілеттері мен ерекшеліктерінің маңызын.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бағдарламаның құрылымы 5 модульден тұрады:

Модуль 1. Білім беру сапасын арттыруда пәндік құзыреттілікті жетілдірудің нормативтік-құқықтық негіздері

Модуль 2. Тәрбие және психологиялық-педагогикалық жұмыстың аспектілері

Модуль 3. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын және білім беру сапасын арттыру үшін оқыту мазмұны мен әдістерін жетілдіру

Модуль 4. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын және білім беру сапасын арттыру үшін цифрлық технологияларды пайдалану

Модуль 5. Педагогтің кәсіби қызметінің нәтижелерін ұсыну, зерттеу дағдыларын қалыптастыру және дамыту

6. Оқу процесін ұйымдастыру

Біліктілікті арттыру курстары:

1) оқытудың күндізгі формасы Бағдарламаның 1-қосымшасында көрсетілген оқу-тақырыптық жоспарға (бұдан әрі ОТЖ) сәйкес жүргізіледі. Курстың оқу мерзімі-80сағат.

2) күндізгі және қашықтықтан оқыту барысында курс тыңдаушыларының білімін бақылау және бағалау мақсатында бейнесабақтар дайындау, шағын сабақты қорғау ұйымдастырылады. Бейнесабақтар мен шағын сабақтардың тақырыптары курс тыңдаушыларының таңдау еркіне беріледі.

Қашықтықтан оқыту арнайы ZOOM платформасында өткізіледі.

Курсты оқыту барысында интербелсенді әдістері арқылы дәріс сабағы, практикалық жұмыс, онлайн-кеңес, тренинг, дөңгелек үстел, бейнесабақтарды талқылау, сұрақ-жауап, шағын сабақтың таныстырылымы, мәселені бірлесіп шешу, тест, сонымен бірге аралас оқыту режимінде жүргізіледі.

Курс тыңдаушыларының кәсіби құзыреттілік деңгейлерін нақтылау үшін бағдарламаның құрылымын игеру мен бағалау өлшемдері әзірленеді және ол курстың оқу-әдістемелік кешеніне енгізіледі.

7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

Модуль 1. Білім беру сапасын арттыруда пәндік құзыреттілікті жетілдірудің нормативтік-құқықтық негіздері

Модульдің құрылымы:

Ұзақтығы-4 сағат (дәріс-2 сағат, практикалық сабақ-2 сағат)

1) Модульдің мақсаттары мен міндеттері

Мақсаты: орта білім беру ұйымдары педагогтерінің қызметін

реттейтін нормативтік құжаттарды талдау және маңызын түсіндіру.

Модульдің міндеттері:

- Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының негізгі бағыттары мен стратегиялық мақсаттарын талқылау;
- білім беруді әрі қарай дамытуда пайда болатын маңызды мәселелерді негіздеу;
- заманауи оқытудың стандартқа сай мақсаты, міндеті мен шарттарының орындалуын қарастыру;
- жалпы орта білім беру жүйесінің қағидаттары мен басымдылықтарын айқындау;
- педагогтерді аттестаттаудан өтудің қағидаттарын талқылау;
- география пәнінің оқу бағдарламасы мен орта мерзімді жоспар, қысқа мерзімді жоспар құрылымының ерекшеліктерін анықтау;

2) Модульдің қысқаша мазмұны

Егеменді елімізде білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу мен оқыту жолында көптеген игі істер атқарылуда. Соның басты бағыты қоғам алдында мектеп мұғалімдерінің мәртебесін көтеруге байланысты «Педагог мәртебесі» туралы Заңының мәні мен негізгі ережелерін, мұғалім Заң жайлы нені білуі және түсіну керектігін қарастыру.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсат-міндеттерін талқылап, оның нәтижелі көрсеткіштеріне салыстымалы талдау жасау және мемлекеттік бағдарламаны әске асырудағы қиындықтар аясын анықтау.

Білім беру жүйесін нығайтудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырыдама жоспары бойынша үш ауысыммен оқытатын мектептерді барынша азайту арқылы жайлы, ең бастысы қауіпсіз ортаны құрудағы шараларды қарастыру және оқушының зияткерлік, шығармашылық, физикалық қасиеттерінің бірте-бірте қалыптасуына әсер етіп, оны әрі қарай дамыту, оқушылардың демалыс уақытын тиімді өткізудің жолдарына қажетті мәселелерді ұйымдастыру.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасын жүзеге асырудың қазіргі жай –күйі мен нәтижелі көрсеткіштері туралы ақпарат алмасу.

Мектепте географиялық білім берудің ажырамас бөлігі болып табылатын пәннің оқу бағдарламасы мен оқу жоспарлары туралы және мұғалімге білім беру процесін жоспарлауға, ұйымдастыруға және басқаруға мүмкіндік беретін құрал ретінде қызмет ететін нормативтік құжаттар, оқу бағдарламасының құрылымын, ондағы мақсат пен міндеттер, оқытудың белсенді әдістері мен тәсілдері, бағалау жүйесінің негізгі көрсеткіштері туралы қарастыру. Оқу жоспарының құрылымын, пән бойынша оқу бағдарламаларын, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарларды талдау. Критерийлер мен дескрипторлардың айырмашылығын, қалыптастырушы бағалауға негізделген бағалаудың маңыздылығын тереңірек түсіну.

3) Күтілетін нәтиже:

Курс соңында 1- модуль бойынша тыңдаушылар:

- Еліміздегі сапалы білім беруді жүзеге асыруда пайдаланатын нормативтік-құқықтық құжаттардың маңызын түсіндіреді;
- Білім берудің сапасын арттыруда іске асырылатын стратегиялық дамудың тиімді жолдарын қарастырады;
- География пәнінің оқу бағдарламасы мен орта мерзімді жоспар, қысқа мерзімді жоспар құрылымының ерекшеліктерін анықтайды;
- География пәні бойынша оқу бағдарламасының мазмұнын жетілдірудің ұтымды жолдарын ұсынады.

Модуль 2.Тәрбие және психологиялық-педагогикалық жұмыстың аспектілері
Ұзақтығы – 8 сағат (дәріс -2 сағат, практикалық сабақ -2 сағат, тренинг-2 сағат, семинар сабағы- 2сағат)

1) Модульдің мақсаттары мен міндеттері

Мақсаты: сапалы білім беру үдерісін ұйымдастыруда оқушының дамуына әсер ететін психологиялық-педагогикалық іс-әрекеттердің маңызы мен ықпалын айқындау

Модульдің міндеттері:

- ұлттық тәрбие мен білім берудегі «Біртұтас тәрбие бағдарлама» тұжырымдамасының басым бағыттарын анықтау және оны сабақ жоспарына енгізудің жолдарын меңгеру;
- мектептегі тәрбие үрдісі мен психологиялық іс-әрекеттерді ұйымдастырудың кешенді жоспарын жүзеге асырудың жолдарын қарастыру;
- білім алушылардың бойында қалыптасатын қажетті дағдылар мен іскерліктердің маңыздылығы және оның тәрбиелік ықпалын талқылау;
- географияны оқытуда ұлттық құндылықтар мен тәрбиенің бірізділігін балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау шаралары ретінде сабақ мазмұнына кіріктірудің әдістерін анықтау.

2) Модульдің қысқаша мазмұны

Тәрбие процесі күрделі, үнемі өзгеріп және дамып отыратын жүйе.Қазіргі заманғы мектептегі оқу-тәрбие жұмысының басты мақсаты-өзін-өзі жетілдіру арқылы өмірлік мақсаттарына жете алатын, өзара қарым қатынас жасай білетін, жеке басы мен қоғам қажеттіліктерін үйлестіре білетін, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеудің мүмкіндіктерін қарастыру. Оқушылардың танымдық белсенділігін дамыту және оқушылардың адамгершілік-рухани құндылықтарын қалыптастыруға ықпал ету тетіктерін талдау. Тұлғалық және өзара қарым-қатынас мәдениетінің негіздерін қалыптастырудың жолдарын анықтау. Білім алушылардың жеке шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуға жағдай жасау әдістерін меңгеру. Курс барысында психологиялық-тәрбиелік мақсаттағы тақырыптарды қарастыра отырып, ұлттық құндылықтар мен әскерлік-дағдыларды дарытудың тәсілдерін сабақ жоспарына енгізуді қарастыру.

Педагогтердің білімін бағалау процесіне дайындау арқылы олардан кәсіби дамудың психологиялық-педагогикалық негіздері туралы мәлімет алу

және тыңдаушылардың психологиялық жағдайын анықтау және қолдау көрсете отырып, мұғалімдерден жеке сауалнамалар алынып, нәтижесі бойынша қолдау білдіріледі, тәжірибе алмасуға мүмкіндік туады.

3) Күтілетін нәтиже:

Курс соңында 2- модуль бойынша тыңдаушылар:

- тәрбиеге бағытталған біртұтас бағдарламаның мақсаты мен басты бағыттарын ажыратады;
- ұлттық құндылықтар мен тәрбие тетіктерін қолдануды сабақ жоспарына енгізуді меңгереді;
- білім алушылардың ерекше қабілеттерін ескеріп, оларды қолдау мақсатында қажетті тапсырмаларды әзірлейді;
- білім беру сапасын арттыруда қолайлы психологиялық-педагогикалық орта қалыптастырудың ұтымды жолдарын ұсынады.

Модуль 3 Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын және білім беру сапасын арттыру үшін оқыту мазмұны мен әдістерін жетілдіру

Ұзақтығы - 50 сағат (дәріс - 10 сағат, практикалық жұмыс – 16 сағат, тренинг - 14 сағат семинар сабағы – 10 сағат)

1) Модульдің мақсаттары мен міндеттері

Модульдің мақсаты : сапалы білім беру үшін географияны оқыту формалары мен нәтижеге бағытталған белсенді әдіс-тәсілдерімен таныстыру

Модульдің міндеттері:

- географияны оқытуда пәнаралық байланысты жүргізудің әдістемелік ерекшеліктерін анықтау;
- оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мен дамытуға бағытталған географиялық тапсырмаларды әзірлеу;
- географияны тиімді оқытудағы тілдік мақсатты анықтауды үйрену;
- географиялық білімді дамытудағы диалогтік оқытудың маңызды рөлін талдау;
- географияны оқытуда саралаудың әдіснамалық негіздеріне сәйкес күрделену деңгейі бойынша тапсырма үлгілерін әзірлеу;
- курс тыңдаушыларында қалыптасқан кәсіби құзіреттілік деңгейін анықтау (шығыс тест)

4) Модульдің қысқаша мазмұны

Бүгінгі таңда тәуелсіз еліміздің білім беру жүйесінде маңызды құндылықтар мен дағдыларды оқушының бойына сіңіріп, оның оқу үлгерімін арттыруды, инновация мен көшбасшылықтық қасиеттерді меңгеретін дағдыларды дамытатын, ұлттық менталитетті қалыптастыратын іс-шаралар мен бағдарламалар көптеп қолға алынуда.

«География» пәні осындай бағдарламалардың құрамдас бір бөлігі ретінде қарастырылатындықтан, оқушылардың Жер шары туралы қызығушылығын арттырып, дүниетанымын кеңейтуге, өздерін қоршаған ортаны ғылыми негізде түсініп, біртұтас нақты көзқарас қалыптастыруға, әлемді танып-біліп, оны қрғауға өз үлесін қосуға тңкелей ықпал етеді. Сондай-ақ, «География» пәні табиғат пен қоғамдағы құбылыстарды зерттеп,

жаратыыстану және гуманитарлық бағыттағы өзара пәнаралық байланыстар жүргізе отырып, оқытатын болғандықтан, табиғи-қоғамдық, әлеуметтік нысандар мен құбылыстарды қарастыратын маңызды әрі негізгі пән болып саналады. Пәннің зерттеу әдістерінде ақпараттық технологияларды пайдаланудың мүмкіндігі де орасан зор екендігін атап өтуге болады.

Пәннің осындай мазмұндық ерекшеліктерін негізге ала отырып, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын және білім беру сапасын арттыру үшін оқыту мазмұны мен әдістерін жетілдірудің жолдары, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мен дамытуға бағытталған географиялық тапсырмаларды әзірлеу әдістері туралы толықтай мағлұматтар осы модульде қарастырылады. Мектептегі география пәнінің 6 бөлімі бойынша қиындық тақырыптар жайлы мәліметтер беріліп, жоспарлап түсініктерді нақтылайды. География пәні бойынша мазмұндық аспектілерді оқытудың әдістемелік ерекшеліктерін игереді.

3) Күтілетін нәтижелер:

- географияны оқытуда пәнаралық байланысты жүргізудің тиімді әдістемесін меңгереді;
- оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мен дамытуға бағытталған географиялық тапсырмаларды әзірлейді;
- бағдарлама мазмұнын игеруде оқу мақсатына бағытталған педагогикалық тәсілдер мен оқу материалдарын қолданады және оқу жетістіктерін бағалайды;
- географиялық білімді дамытудағы диалогтік оқытудың маңызды ықпалын талдайды;
- географияны оқытуда саралаудың әдіснамалық негіздеріне сәйкес күрделену деңгейі бойынша тапсырма үлгілерін әзірлейді;
- білім беру сапасын арттырудың ұтымды жолдарын ұсынады.

Модуль 4 Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын және білім беру сапасын арттыру үшін цифрлық технологияларды пайдалану

Модульдің құрылымы

Ұзақтығы – 10 сағат (практикалық жұмыс – 6 сағат, тренинг – 2 сағат, дөңгелек үстел-2 сағат)

1) Модульдің мақсаттары мен міндеттері

Модульдің мақсаты: география сабағында цифрлық технологияларды қолдана отырып, танымның жаңа деңгейіне өсу жолдарын анықтау

Модульдің міндеттері:

- география сабақтарында картографиялық деректер базасын және ГАЖ технологиясының мүмкіндіктерін қолданудың тиімділігін нақтылау;
- география пәнінде білім алушылардың білімін бағалауда қосымша платформаларды пайдалану мүмкіндігін талдау;
- сабақты түрлендіруде және оқытудың көрнекілігін қамтамасыз етуде қолданылатын сандық білім беру ресурстарын әзірлеудің ерекшеліктерін сипаттау;

- бейнесабактар мен онлайн курстарды құрастыру және түсіру жолдарын қарастыру.

2) Модульдің қысқаша мазмұны

Тыңдаушылардың ақпараттық технологиялық құзыреттілігін арттыру аясында ашық онлайн курстың мазмұнын құрылымдау жолдарын анықтауға бағытталған, пән бойынша бейнесабак әзірлеудің әдістемелік ерекшеліктері қаралстырылған.

Бүгінгі таңда геоақпараттық жүйелер (ГАЗ) бүкіл қоғамдастықтың мүддесі үшін қазіргі өмірдің қиындықтарына жауап беретін әлеуметтік пайдалы және экономикалық сындарлы шешімдерді қалыптастыру үшін ресурс болып табылады. Әр түрлі міндеттерді шешуде ГАЗ қолдану қажеттілігі геоақпараттық технологиялар (ГАЗ технологиялары) саласындағы мамандарға сұраныс көзі болып табылады. ГАЗ технологияларын оқыту, оқу және оқыту ГАЗ, халық шаруашылығының барлық салаларындағы мамандарды әзірлеу бүгінгі таңда ең маңызды бағыт болып көрінеді. ГАЗ даму тарихы. ГАЗ классификациясы.

3) Күтілетін нәтижелер:

Модуль бойынша тыңдаушылар:

- оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыратын және пәннің мазмұнын толықтай ашатын қосымша платформалардың тиімділігін түсіндіреді;

- пәнді меңгеруде сандық білім беру ресурстарын қолдануды меңгереді;

- оқу үрдісінде компьютерлік бағдарламалар мен мобильді қосымшаларды қолдануды сипаттайды;

- пәнге байланысты білім берудің электронды құралдары мен заманауи білім беру порталдарымен жұмыс жасауды біледі.

- білім алушылардың зияткерлік қабілеті мен әлеуетін арттыруда бейнесабактар әзірлейді.

Модуль 5 Педагогтің кәсіби қызметінің нәтижелерін ұсыну, зерттеу дағдыларын қалыптастыру және дамыту

Модульдің құрылымы

Ұзақтығы – 8 сағат (дөңгелек үстел – 2 сағат; шағын сабақ қорғауға дайындық- 4сағат, тест тапсыруға дайындық- 2 сағат)

1) Модульдің мақсаттары мен міндеттері

Модульдің мақсаты: мұғалімдердің педагогтік қызметінде қолданылатын табысты әдіс-тәсілдерін көпшілікке таныстыру.

Модульдің міндеттері:

- Оқыту үдерісінде қиындық тудыратын мәселелерді анықтау және оларды шешудің ұтымды жолдарын ұсыну;

- Курс тыңдаушыларының кәсіби сапасы мен жеке қажеттіліктерін негізге алып, бағдарлама мазмұнына талдау жасау және талқылау.

2) Модульдің қысқаша мазмұны

Мектептегі ғылыми-зерттеу жұмысының форматы мен кезеңдері: зерттеу тақырыбын таңдау, мақсат қою, зерттеу әдістері мен міндеттерін анықтауды үйренеді; педагогикалық және зерттеу қызметінің нәтижелерін жариялауға дайындауда консультациялық көмек көрсетіледі. Алынған ақпараттың өзектілігін, пайдалылығын және жаңалығын анықтайды.

Модуль тыңдаушылардың қажеттіліктеріндегі негізгі мәселелерді қарастыра отырып, бағдарлама құрылымын саралау тыңдаушылардың қабілетіне қарай сұраныстарын қанағаттандыруға бағытталған. Сонымен қатар, мұғалімдердің шағын сабақты өорғауына дайындықты қамтамасыз етеді.

3) Күтілетін нәтижелер:

- Тыңдаушының педагогтік қызметінде қиындық тудыратын мәселелерді анықтайды және оларды шешудің ұтымды жолдарын ұсынады;
- Таңдау тақырыбы бойынша шағын сабақтың қысқамерзімді жоспарын әзірлейді және шағын сабақты қорғайды.

4) Оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабақтың тақырыптары	дәріс	Практикалық сабақ	тренинг	семинар	Дөңгелек	Шағын сабақ	Қорытынды тестілеу	барлығы
	1 модуль. Білім беру сапасын арттыруда пәндік құзыреттілікті жетілдірудің нормативтік-құқықтық негіздері	2	2						4
1.1	Орта білім беру ұйымдары педагогтерінің қызметін реттейтін нормативтік құжаттар Жалпы орта білім беру жүйесінің қағидаттары мен басымдылықтары	2	2						4
	2 модуль Тәрбие және психологиялық-педагогикалық жұмыстың аспектілері	2	2	2	2				8
2.1	Ұлттық тәрбие мен білім берудегі «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» тұжырымдамалық негізі	2							2
2.2	Оқу –тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда ұлттық құндылықтар		2	2					4

	мен тәрбиенің бірізділігі. Білімалушылардың бойында қалыптасатын дағдылар мен құндылықтардың маңыздылығы және оның тәрбиелік ықпалы							
2.3	Табысты оқыту аясында сыныптағы ерекше білім беру қажеттілігі бар баланы психологиялық- педагогикалық қолдауды жүзеге асыру				2			2
	Модуль 3 Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын және білім беру сапасын арттыру үшін оқыту мазмұны мен әдістерін жетілдіру	10	16	14	10			50
3.1	Географияны оқытуда пәнаралық байланысты жүргізудің әдістемесі	2		4	4			10
3.2	Географиялық тапсырмаларды орындату арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары	2	4		4			10
3.3	Академиялық тіл және географияны оқытуда тілдік дағдыларды меңгерудің рөлі	2		2	2			6
3.4	Білім сапасын арттырудағы диалогтік оқытудың рөлі және білімалушылардың коммуникативтік құзыреттілігін арттыру әдістері	2	4	4				10
3.5	Географиялық логикалық есептерді шығару әдістемесі		4					4
3.6	Географияны оқытуда саралаудың әдіснамалық негіздері	2	4	4				10
	4 модуль. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын және білім беру сапасын арттыру үшін цифрлық технологияларды пайдалану		6	2		2		10
4.1	География сабақтарында картографиялық деректерді және ГАЗ технологиясының мүмкіндіктерін қолдану тиімділігі			2				2
4.2	География пәнінде білім алушылардың білімін бағалауда					2		2

	интернет платформаларын пайдаланудың тиімділігі								
4.3	Білім алушылардың зияткерлік қабілеті мен әлеуетін арттыруда сандық білім беру ресурстарының артықшылықтары мен мүмкіндіктері		2						2
4.4	География пәнінен бейнесабак әзірлеудің әдістемесі		4						4
	Модуль 5 Педагогтің кәсіби қызметінің нәтижелерін ұсыну, зерттеу дағдыларын қалыптастыру және дамыту					2	4	2	8
5.1	Курс тыңдаушыларының кәсіби сапасы мен жеке қажеттіліктерін негізге алып, бағдарлама мазмұнына талдау жасау және талқылау					2			2
5.2	Шағын сабақтың таныстырылымын қорғауға және шығыс тест тапсырмаларына дайындық						4	2	6
	Барлығы	14	26	18	12	4	4	2	80

Ескерту: 1 академиялық сағат – 50 минут

8. Оқу нәтижелерін бағалау

Шағын сабақты жоспарлауға қойылатын талаптар

Мақсаты- оқу пәнінің құрылымына сәйкес жаңартылған бағдарлама бойынша педагогикалық негіздер мен критериалды бағалау жүйесін түсініп, оны пайдалануды бағалау.

1. Шағын сабақтың оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсатына сай болуын бағалау:

- шағын сабақ мақсаты оқу мақсатымен сай келеді;
- сабақтың мақсаты пәннің мазмұндық ерекшелігіне сай бағдарлануын бағалау;
- сабақ мақсаты SMART түрінде құрастырылған.

2. Оқушылардың оқу нәтижесін анықтау мақсатында қалыптастырушы бағалауды жүзеге асыру:

- пәннің мазмұндық тақырыбына сәйкес оқытудың белсенді әдістерін қолдану;

- оқушыларды сабаққа тарту мақсатында белседі әдістерді қолдану;

3. Саралап оқытуды қолдану:

- оқушылардың жеке қабілеттері мен жеке қасиеттеріне негізделген сараланған тапсырмалар құрастыру;

- шағын сабақта саралаудың бірнеше тәсілдерін (дереккөздер, қолдау, тапсырма, т.с.с.) қолдану;

4. Бағалау критерийлері (әрбір критерий бойынша ең жоғары балл -3):

0- «дәлелдер ұсынылмады»

1- «дәлелдер әлсіз»

2- «дәлелдер күшті»

3- «дәлелдер өте күшті»

Қорғауға берілетін уақыт регламенті 5-7 минут

Шағын сабақты қорғауға арналған бағалау жүйесі

Реттік саны	Бағалау көрсеткіші	балл
1	Сабақтың мақсаты оқу мақсатымен сәйкес келеді және SMART формтында құрылған	
2	Сабақта қолданылған әдістер тапсырманы орындатуға және оқу нәтижесіне жетуге бағытталған	
3	Қалыптастырушы бағалау тәсілі оқушыларды тапсырманы орындауға және нәтижеге жетуге ынталандырады	
4	Білім алушылардың жеке қабілеттері мен дара қасиеттерін негізге алып, саралау тәсілдерін қолданады	
5	Ақпараттық технологиялар мен ресурстарды қолдану	
6	Сабақта қорғауды қисынды баяндау	
7	Уақыт регламентін сақтау	

Тыңдаушылардың шағын сабақты қорғау барысында жиналған балл сандарын «5» балдық жүйеге алмастыру арқылы бағалау есептеледі:

1) «5»- өте жақсы: 19-21 баллға сәйкес;

2) «4»- жақсы: 15-18 баллға сәйкес;

3) «3»-орта: 11-14 балл сәйкес.

Қорытынды тест

Курстың соңғы сабағында курс барысындағы тақырыптардың меңгеру деңгейін анықтауға бағытталған 24 сұрақты тест Google қосымшасының «Новая форма» форматында онлайн түрде ұсынылады.

Әр сұрақ 1 балмен бағаланады. 15 баллдан жоғары жинаған тыңдаушыларға курс сертификаты табысталады.

Тест сұрақтары

1 Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының 7- бағыты нені көздейді?

- А) білім беру сапасын жүйелі деңгейде қамтамасыз ету
- Ә) әрбір мектеп-үздік мектеп болуға лайықты
- Б) техникалық және кәсіптік білім беру-кадр даярлайтын негізгі буын
- В) баланың қауіпсіз өмір сүру жағдайын қамтамасыз ету
- Г) педагогтердің кәсіптік және мәдени деңгейін арттыру

2 Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасының мақсаты қандай?

- А) жас ұрпақтың тәрбиесіне бірыңғай қалыптастыру
- Ә) білім беру жүйесіне жаңа реформа енгізу
- Б) бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыруда озық тәжірибемен алмасу
- В) педагогикалық-психологиялық қолдауды нығайту
- Г) оқу -тәрбие үдерісінде заманауи технологияларды қолдану

3 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсат не?

- А) еліміздегі білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу, оқыту
- Ә) балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету және білім беру ұйымдарын цифрландыру
- Б) үздік іс-тәжірибелер негізінде білім алушылардың, педагогтердің сапасын бағалаудың жаңа жүйесін енгізу және оны жүзеге асыру
- В) отандық білім және ғылым жүйесіндегі өзекті мәселелерді шешудің тиімді жолдарын қарастыру
- Г) ғылым және білім сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралады жүзеге асыру

4 Оқу үдерісі барысында педагогикалық міндеттерді шешуге негізделген мұғалімнің өзара байланысқан әрекеттер жүйесі не деп аталады?

- А) білім беру технологиясы
- Ә) арнайы әдістеме
- Б) оқу үдерісі
- В) оқу мақсаттар жүйесі
- Г) оқыту мен тәрбие саласы

5 Педагогикалық технология дегеніміз не?

- А) педагогикалық іскерлікті нәтижеге жеткізетін ғылыми жобалау
- Ә) табиғи шикізаттарды өңдеу технологиясы
- Б) білім алушылардың дайындық деңгейіне қарай оқу материалын іріктеу
- В) білім алушыны жан-жақты дамыту технологиясы

Г) оқушының қажеттіліктері мен іскерліктерін дамыту құралы

6 Ұлттық тәрбие мен білім берудегі «Біртұтас тәрбие бағдарлама» тұжырымдамасының басты мақсаты не?

А) жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу

Ә) жасөспірімдер арасында адал еңбек пен еңбекқорлық мәдениетін қалыптастыру

Б) білім алушылар және табысты еңбек азаматтарымен шеберлік сыныптарын өткізу

В) кәсіптік бағдар берудің ғылыми жобалары мен конкурстарын ұйымдастыру

Г) білім алушылар үшін кәсіпорындарда тәжірибе аландарын ұйымдастыру

7 Әрбір елдің бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ететін ұзақ мерзімді стратегия-

А) білім беру

Ә) тәрбиелеу

Б) сұраныстың өсуі

В) қабілетті болу

Г) экономикалық өсу

8 Білім берудегі өзара әрекеттесудің әртүрлі жағдайында қалыптасатын және жүзеге асатын оқытудың негізгі екі түрін атаңыз:

А) монологтік және диалогтік

Ә) дебат және пікірталас

Б) топтық және жұптық

В) ұжымдық және жеке

Г) әлеуметтік және әрекеттік

9 Күнделікті сабақ барысында әске асырылатын, жіберілген қателіктерге қатемен жұмыс жасауға мүмкіндік беріп, оқушы мен оқытушы арасындағы байланысты нығайтатын оқу процесі кезіндегі ең қажетті бағалау түрі-

А) қалыптастырушы бағалау

Ә) жиынтық бағалау

Б) тоқсандық бағалау

В) критериалды бағалау

Г) дәстүрлі бағалау

10 Тоқсандық жиынтық бағалау бойынша оқушының жұмысына сай қойылған балдарды стандарттап, нәтижесінде бағалаудың дәлдігін айқындау үшін оқушылардың орындаған жұмыстарын талқылайтын процесс:

А) модерация

Ә) рубрика

- Б) дифференциация
- В) алгоритмдеу
- Г) портфолио жинақтау

11 Портфолионың негізгі қызметтерін атаңыз:

- А) жалпылау, моделдеу, шығармашылық рефлексия
- Ә) бақылау, жоспарлау, ұйымдастыру
- Б) талдау, мақсатты шешім қабылдау
- В) ынталандыру, бағалау, жоспарлау
- Г) диагностикалау және дидактика

12 Білім алушылардың үлгерімін бақылаудың маңызды принциптерін көрсетіңіз:

- А) объективтілік, жүйелік, көрнекілік
- Ә) тиімділік, дәлдік, жан-жақтылық
- Б) сенімділік, нәтижелік, жаңашылдық
- В) білім беру, оқыту, тәрбиелеу
- Г) бағалау, жоспарлау, бақылау

13 Өмір бойы алған білімін өз қызметінде, қоғамдағы рөлінде, әлеуметтік қарым-қатынастарда және әртүрлі салаларда қажеттілігіне қолдана білу қабілеті

- А) функционалдық сауаттылық
- Ә) математикалық сауаттылық
- Б) оқу сауаттылығы
- В) құқықтық сауаттылық
- Г) тұрмыстық сауаттылық

14 Білім алушының жеке қабілеттері мен қасиеттерін ескеріп, оның жеке басының дамуына қолайлы жағдай жасап оқыту технологиясы-

- А) саралап оқыту
- Ә) деңгейлеп оқыту
- Б) динамикалық оқыту
- В) сындарлы оқыту
- Г) топтық оқыту

15 Білім беру бағдарламасының үйлесімділігін қамтамасыз ететін негізгі көрсеткіштерді атаңыз:

- А) оқыту тәсілдері, бағалау, білім беру бағдарламасы
- Ә) бағалау тәсілдері, ұзақ мерзімді жоспар, тәрбие үдерісі
- Б) ұзақ мерзімді жоспар, орта мерзімді жоспар, қысқа мерзімді жоспар
- В) қалыптастырушы бағалау, оқыту технологиясы, оқу бағдарламасы
- Г) жиынтық бағалау, оқу нәтижесін талдау, оқыту әдістері

16 Жалпы орта білім деңгейінде оқытылатын «География» пәні оқу бағдарламасының мақсаты қандай?

- А) оқушылардың қоғам мен географиялық кеңістіктің түрлі деңгейлерінде пайда болған проблемаларды шешуге бағытталған географиялық білімдері мен білік-дағдыларын дамыту үшін қолайлы жағдай жасау
- Ә) оқушылардың жаңа жерлерді зерттеп, құрлықаралық байланысты кеңейтуге, табиғат пен қоғамның даму заңдылықтарын ашуға, оны жүйелеуге бағыт-бағдар беру
- Б) тұлғаның жан-жақты дамып, қоғам мен табиғи құбылыстардың өзара байланыстылығын зерттеуге, адам әрекетін анықтудағы қоғамның рөлін танып –бәлуге үйрету
- В) жаратылыстану және қоғамдық ғылымдардың байланысын ашу
- Г) атмосфералық құбылыстардың кеңістік ерекшеліктерін зерттейтін біртұтас ғылым салаларымен байланысын анықтау

17 Пәннің мазмұнын меңгеру , ойлау және осы пәнде қолданылатын ұғымдармен жұмыс жасау қабілетін арттырудың басты құралы деген не?

- А) пәннің академиялық тілі
- Ә) пәннің мазмұндық ерекшелігі
- Б) пәннің оқу жоспары
- В) пәннің оқу бағдарламасы
- Г) пәннің қысқа мерзімді жоспары

18 Географиялық мәліметтер мен нысандарды тиімді жағдайда енгізу, сақтау, өңдеу,талдау және жаңарту қызметтерін жүзеге асырады-

- А) географиялық ақпараттық жүйе
- Ә) картографиялық деректер базасы
- Б) визуализациялық картография
- В) сандық карталар
- Г) электрондық есептеу машиналары

19 Кеңістіктегі мәліметтерді беретін қабаттар, мәліметтерді дәл бейнелейтін карталар мен макеттердің жиынтығымен жұмыс жасайтын бағдарламаны көрсетіңіз.

- А) ГеоГраф ГИС бағдарламасы
- Ә) MapInfo Professional бағдарламасы
- Б) Adobe Illustrator бағдарламасы
- В) CorelDRAW бағдарламасы
- Г) Corel Painter бағдарламасы

20 Оқушылардың алдыңғы білімдерін негізге ала отырып, жаңа білім алуы туралы тұжырымдамаға негізделген тәсіл:

- А) сындарлы оқыту
- Ә) саралап оқыту
- Б) дамыта оқыту

В) дегейлеп оқыту

Г) жобалап оқыту

21 Сандық білім беру ресурстары дегеніміз не?

А) оқытудың мақсат-міндеттерін жүзеге асыруға бағытталған графикалық, сандық, тілдік, музыкалық, видео, суреттерден тұратын ақпарат көзі

Ә) электронды карталар мен атластарды қолдануды үйрететін

картографиялық әдістердің жиынтығы

Б) әуе-ғарыштық ақпараттарды жинақтайтын және картографиялық жұмыстарды автоматтандыратын құрылғылар

В) оқыту үдерісінде аналитикалық және картометриялық зерттеу мен талдаудан тұратын ақпараттық кешен

Г) әртүрлі деңгейдегі бағдарламалар мен техникалық құралдардың көмегімен құрастырылған шартты белгілер жүйесі

22 Мұғалімнің ақпараттық құзыреттілігін қалыптастырудың негізгі үш деңгейін анықтаңыз:

А) базалық, технологиялық, практикалық

Ә) ақпараттық, картографиялық, электрондық

Б) цифрлық, аналитикалық, графикалық

В) географиялық, технологиялық, ақпараттық

Г) сандық, визуализациялық, техникалық

23 Шағын сабақты жоспарлауда белсенді әдістерді таңдау үшін басты назар аударылатын критерийді көрсетіңіз:

А) әдістер бағдарлама бойынша оқу мақсаттарына жетуге ықпал етеді

Ә) бағалау критерийлері бойынша әзірленеді

Б) SMART форматында құрастырылған

В) қалыптастырушы бағалау оқуды қолдайды

Г) сабақ мақсаттары оқу мақсаттарымен келісілген

24 Шағын сабақты жоспарлауда негізге алынатын бағалаудың басты критерийлерін атап көрсетіңіз:

А) сабақ мақсаты, белсенді әдістер, саралау әдісі, критериалды бағалау

Ә) оқу мақсаты, қысқа мерзімді сабақ, оқу бағдарламасы

Б) кері байланыс, жиынтық бағалау, тоқсандық бағалау, модерация

В) рубрика, орта мерзімді жоспар, белсенді оқыту, білім беру үрдісі

Г) ойлау дағдылары, рефлексия, үлгілік оқу жоспары, сабақ мақсаты

9. Курстан кейінгі қолдау

Курстан кейінгі қолдау тыңдаушылармен келісе отырып, олардың бекітілген жылдық жоспарына сәйкес жүзеге асыру көзделеді. Қолдау көрсету барысында электрондық пошта, мессенджерлер, әлеуметтік желілер,

онлайн тақталар мен тағы басқа қызметтерді (Zoom, telegram, WhatsApp.) пайдалануға болады.

Мектеп мұғалімдерінің кәсіби өсуіне үйлестіруші бола отырып, олардың қажеттіліктерін әдістемелік қамтамасыз ету жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, тренерлер мүмкіндігінше пән мұғалімдерімен келісе отырып мектеп сабақтарына қатысады және талдау жүргізеді. Сабақты бақылау барысында мұғалімдердің курс барысында қарастырылған тақырыптар аясында теориялық білімдерін практикада қолдану, оқу процесінде оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру дағдыларына басты назар аударылады. Іс-шара аясында тренерлер әр мұғаліммен тиімді кері байланыс орнатады, мұғалімдерге қажетті әдістемелік көмек көрсетіледі.

Курстан кейінгі қолдауды сабақтан тыс әр түрлі деңгейдегі іс-шаралар арқылы ұйымдастырып, өткізілуі жоспарланады.

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңы [Электрондық ресурс] –URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>

2. Қазақстан Республикасы «Педагог мәртебесі туралы» Заңы (2019 жылғы 27 желтоқсан № 293 -VI ҚРЗ) [Электрондық ресурс] – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293>

3. "Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100026280>

4. Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы. [Электрондық ресурс] – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900019027>

5. «Педагог мәртебесі туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне педагог мәртебесі, мұғалім мен оқушыға жүктемені төмендету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР заңдарын іске асыру жөніндегі шаралар туралы. ҚР Премьер-Министрінің өкімі. [Электрондық ресурс] – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/R2000000013>

6. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249>

7. Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту. [Электрондық ресурс] – URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1200008170>

8. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348

бұйрығы. [Электрондық ресурс] – URL: <https://uba.edu.kz/storage/app/media/Standart/%D0%93%D0%9E%D0%A1%D0%9E%202022/goso-prikaz-348-03-08-2022kaz.pdf>

9. Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы. ҚР Оқу-ағарту министрінің 29.09.2023 № 300 бұйрығы. [Электрондық ресурс] – URL: <https://www.gov.kz/situations/499/intro?lang=kk>

10. Евсюкова Т.А. Дифференцированное обучение школьников при реализации обновленного содержания образования. [Электронный ресурс] – URL: <https://e.metodist.mcfr.kz/714759>

11. Колова Л.В. Методические затруднения в деятельности учителя и пути их преодоления. [Электронный ресурс] – URL: <http://collegy.ucoz.ru/publ/27-1-0-8489>

12. Оқушылар мен студенттерге арналған білім беру алаңы bilimland.kz. [Электрондық ресурс] – URL: <https://bilimland.kz>

13. Педагог қызметкерлердің біліктілігін тестілеу. [Электрондық ресурс] – URL: <https://testcenter.kz/pedagogam/ktp/kvalifikatsionnoe-testirovanie-pedagogicheskikh-rabotnikov-ktp/>

14. Педагогикалық іс-әрекетті талдауға дайындықты ұйымдастырудағы әдістемелік нұсқаулар. [Электрондық ресурс] – URL: <https://infourok.ru/metodicheskie-rekomendacii-po-samoanalizu-471545.html>

15. Проект «Bilimal». [Электронный ресурс] – URL: <https://bilimal.kz/>

16. Географияны оқыту әдістемесі: Оқулық. I бөлім. Е.А.Тоқпанов, А.УАбулғазиев, А.М.Сергеева, Б.Ш.Әбдіманапов - Алматы: Эверо, 2022. – 244 б.

17. Оқушылардың жаратылыстану-ғылыми сауаттылығын қалыптастыру бойынша әдістемелік нұсқаулар. Нұр-Сұлтан: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, «Білім беру бағдарламалары орталығы» филиалы, 2020. – 56 б.

18. Г.Д.Есентуреева, Г.Ж.Турметова. SMART- білім беру жағдайында педагогтерді әдістемелік сүйемелдеу. Шымкент: Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ, 2024.- 21Мб [Электрондық ресурс] – URL: <https://drive.google.com/file/d/1U0S0TARnSOMEqJTdlqISSgBMq7rtIFke/view?usp=sharing>

19. Мұғалімдердің рефлексиялық дағдыларын дамыту жолдары: әдістемелік нұсқаулық./ Қ.С. Абдраманова, Ж.Д. Жансугирова, Б.Қ. Дильманов, Е.Т. Оспанов. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016. – 46 б.

20. <https://pki.gov.kz/> Ұлттық куәландырушы орталығы

21. <https://portal.kundelik.kz/> - автоматтандырылған жүйесі.

22. https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%91%D0%B0%D1%81%D1%82%D1%8B_%D0%B1%D0%B5%D1%82 ашық энциклопедиясы.